

Қайсарлық!

Қызмет бабында әртүрлі азаматтармен дәмдес, көрші болдым, қадір-қасиетінше тату бола жүріп, мейлінше сыйластым, қуанғанда қуаныштарын, ренжігенде реніштерін бөлісуге тырыстым, олар да маған солай қатынастар жасады.

Ал, менің көпшілікпен бөліскім келіп отырғаны «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, осы азаматтың шыр етіп ана бойына біткеннен кейінгі өмірі бір ерекше тарих, өмір айдынына келгеннен кейінгі ғұмыры бір атанға жүк болғандай.

Дарияның бұлақтан басталағыны сияқты Мұхамбетрахым Спандиярұлының ғұмырдариясының өзіндік өзегіе ұқсмайтын ерекшелігі текті тұқымнан бола тұра, текті әкені көрмеуі, анасының тар құрсағын кеңітіп өмір есігін ашқаныменен ана деп өмір бойы анасының жанында аялы алақанында болмауы, өмір бойғы әттеген-айы. Алайда, тарих тағдырға көз жүгіртер болсақ, ол әкесін тебірене отырып ерекше ілтипатпен еске алады.

Мен, әкемді көрмей, ана құрсағындағы тіршіліктен кейін өмір есігін аштым, әкемді көрмей деуім менің әкем-Отан алдындағы азаматтық парызын Ішкі істер қатарында Татарстанда Ишембай деген жерде атқарған. Мінсіз қызметіне байланысты демалысқа 1952 жылы елге келіп кетеді, ал, мен сонан кейін 1953 жылы бір Алланың қалауымен жарық дүниеге келдім. Әттең, артындағы мәңгілік ғұмырының жалғасын көрем деген қуанышының арман болатынын әрине әкем білген жоқ. Оған себеп заңды белшесінен басқан қаныпезерлер түрмесіндегілер сырттағы өздері сияқтыларға тапсырама беріп, олар әкемді қапысын тауып, қуалап жүріп машинамен басып өлтірген. Дана қалың



сапарға аттандырып, бүтін бір ұлтты қолдан аяусыз қырған, тарихтың қара таңбасын қолдан жасаған Иосиф Виссарионович Джугашвили-Сталиннің өлуі, «ұлттар әкесі» өлді деп есін білген баладан, еңкейген қарияға дейін жоқтап жылауының басылмаған кезінде ақпанның ақырған аязында дүниеге келіпін. Әкеден ана құрсағында қалсам, анамнан бір жарым жасымда қалыппын, анам жас болғаннан, әрі сол уақыттағы тұрмыс тауқыметін жеңілдету үшін, ағайын-туыстың ризашылығымен атам Қылышбайдың ақ бағасымен руы Тағышы Айғожаның Сүлейменінің етегінен ұстаса керек. Бір жарым жастағы мені нағашым Қаратемірден көз жасын көл қылып Қылышбай атам алып қалған екен. Атадан жалғыз болсам да анадан үшеуміз. Олар інілерім Темірхан мен Жұмабай. Оған да тәубе, құдайға шүкір деймін.

Жаратушы Жаппар иеге мың алғыс, атам Қылышбай мен әжем Зейіл мені ешкімнен кем қылып өсірмеді, тектінің аты текті ғой атам Бекіштің Қылышбайы атақты Аманкелді мен Кейкінің жүзбасы болса, әжем Зейіл атақты төлек руы Шоңның Әбішінің қызы еді. Мен тіпті ес біліп оң солымды тани бастағанда ғана аруақтарынан айналалыын ата-әжемнің немерелері екенімді білдім. Ал, Дүбәкір көкем «қатарынан кем

болса да, мүмкіншілігі бола тұра ел үдере көшкенде де, ғұмырлық серігі әрі әріптесі Сәулесімен Арқалығынан көшпеді, бір Алланың ұйғарымымен қызы Жанарды ұзатып, ұлы Мағжанды үйлендірді. Қызынан жиендер сүйсе, жиеннен жиеншарлар көрді, ұлынан немере сүйді. Немере демекші, Мұхамбетрахымның өз атының өзі ұлы Мұхамбет пайғамбарымыздың есімімен басталып, оның рахымымен аяқталса, ал немересіне ат (есім) қоюның өзі екі рулы елге қатысты. Олай деуіме себеп қазақ халқы «жігіттің

үш жұрты бар, өз жұрты-күншіл, қайын жұрты-міншіл, ал нағашы «жұрты-қыздан туғанның қиығы жоқ бізден шықты» деп қашан да сынап-мінемей, өзекке теппей жанашырлық танытады екен, осыны үнемі жадында берік ұстаған Мұхамбетрахым тұңғыш немересіне Нұрман мен Жүсіп нағашыларының аруақтары желеп-жебеп жүрсін деп, Құлтан руын, оның ішінде Кейкітанушы Бәйділданың Шөптібайына құрмет ретінде үш буынды біріктіріп, аруақтардың құметіне Нұртөрежүсіп деп ат қойғанын мақтана да, тебірене отырып ерекше толғаныспен айтады.

Мен онымен жиырма жыл көрші болдым. Алғашқы кезде шыны керек оны аса жақтырмадым, себебі, өзіне ғана тән мінезіндегі ерекшелігі бір қарағанда қисық, қыңыр әзілі шамалыға көңілі толмай шекесінен қарағандай болып көрінеді. Ал, жақын білісіп танысқанда оның кімді болса да жақын тартып «қарын бөле» болып шығуы, кейде ініңдей өзге емес, өзім деп еркелегісі келіп тұратынын түсінгеннен кейін осы азаматты жақын тарта бердім. Ал, жақын тартқан сайын оның ағысқа қарсы жүзген кете балықтай бір беткейлігіне, өрлігі мен ерлігіне, ар мен намысын бәрінен жоғары қоятын, қайтпас

басып өлтірген. Дана халқымызда «әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін» деген бар, бұлай халық даналығын еске алуымның өзіндік себебі мен әкемді көрген жоқпын дедім ғой, алайда, руы Төлек Байғұйқаның Ұлысбайы әкем Спандиярмен қарулас, яғни, әскерде бірге болған. Әкемді соңғы рет көрген адам да Ұлысбай әкей, сондықтан да мен ол ақсақалды көзі тірісінде әке деп сыйлап, өзіме өте жақын тарттым. Ұлысбай әкей де мені өмірден озғанша балам деп өтті, жатқан жері жайлы, орны пейіштің төрінде, жұмақтың өзінде болсын.

Не барлығы 23 жастағы анам қолындағы шақалағымен әкемді асыға күткен қуанышының мәңгіге орындалмас арман болатынын қайдан білсін, «адамның басы Алланың добы» деген осы шығар деп тағдырға бас иіп қала берсе керек.

1953 жылы адамзаттың қанішері, оның ішінде қазақ ұлтының марғасқаларын қайтпас

сүйсіз көкем «қатарыңнан кем болмас үшін білімді болып, мамандық алу басты мұратың, сондықтан мектепте жақсы оқып, жоғарғы оқу орнына түс» деді, өз қатарынан озық, сөйлесе аузына елді қарататын осынау тау тұлғаның айтқан ақылына бас иіп, Қарағанды Мемлекеттік институтының емдеу факультетіне 1970-1976 жылдары түсіп, абыроймен бітіріп шықтым.

Міне, осылайша балалық бал дәуренмен қоштасып, жастықтың жалынымен қиын да қызықты еңбек жолын бастап кетіп, өз мамандығына шексіз берілгендігі сондай Торғай обылыстық туберкулезге қарсы - қазақша айтқанда жіңішке ауырулар диспансерінде табаны күректей тапжылмай бір орында 43 жыл бойына жоғары санатты дәрігер-рентгенолог, бөлім меңгерушісі, бас дәрігердің емдеу жұмысы бойынша орынбасары қызметтерін абыроймен атқарған. Сүйікті Арқалығында мектеп бітіріп, қызмет істеп, облыс бір ашылып бір жа-

қайсарлығына тәнті болдым. Оның осы мінезі өрге сүйреп, адамға бір-ақ рет берілетін ешқандай өлшемге келмейтін «Өмір» деген баға жетпес ғажайыптың құдіретін білдіргендей болды. Ол «өлім» деген тажалмен бетпе-бет қанша рет келді, еш уақытта берілмеді, қандай жағдайда болмасын жеңіп шықты. Азамат (адам) жар таңдауда қателеспеу керек деп жатамыз, бұл жөнінде бір Алланың қалауымен ол қателеспеген, Мұхамбетрақымның Сәулесі атына заты сай, шын мәнінде оған алтын Сәуле, өзі айтпақшы (марқұм Ескендір Хасенғалиев ағамыздың ескірмеген махаббаты) оның үнемі жаңа, нағыз ескірмеген махаббаты. Сондықтан да, мен сендерге берік махаббаттарыңның ғұмыры ұзақ болып, қайтпас қайсарлықпен тек қана алға, сендерге Жаратушы иеміз бір Алланың берер жасы, көрсетер қызығы көп болғай демекпін!

Ж. ҒАПБАСҰЛЫ